

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 1-отырысының
№-1 хаттамасы**

01.10.2025ж

Өткізілген орны: Акт зал

Қатысқандар: Балабақша педагогтары

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);
2. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтау.
3. Жеке түзету-дамыту бағдарламаларын бекіту.
4. Мамандардың жұмыс жоспарын келісу.
5. Ата-аналармен жұмыс бағыттарын анықтау.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Н.К.Кудабаева сөз алды. 2025-2026 оқу жылына балабақша психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекітті. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларына көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылатынын айтты. Ол әрбір баланы мүмкіндіктері мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамытуға арналған әдеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды құратын мамандардың бір тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған әрекетін білдіретінін баяндады.

Педагог-психолог балалардың психологиялық диагностика нәтижелерімен таныстырды. Балалардың танымдық процестері, мінез-құлқы және бейімделу деңгейі қарастырылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дефектолог: Кәдірбек Ж.С қыркүйек айында жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысы негізінде тізімге алынған тәрбиеленушілердің және олармен жүргізілген жұмыстар жайында баяндады. Жалпы балабақша диагностикалық бақылау топтарға қатысу арқылы жасалып, 2а,б формалары толтырылғанын айтты. Балабақша тәрбиеленушілері арасынан дамуында уақытша қиындықтары бар 8 тәрбиеленушіні атап, диагностикалық бақылаудың қорытындысын төмендегідей баяндады:

	Аты-жөні	Дефектологтың ұсынымы	Тобы
1	Ермеков Нұрислам	Жұмыс қарқыны тұрақсыз. Зейіні шашыраңқы, Кеңістікте бағдарлануда қиындықтар бар. Сөздік қоры аз.	«Айгөлек» ересек тобы
2	Талғатқызы Айғаным	Зейіні тұрақсыз, тапсырманы соңына дейін орындауда қиындықтар бар. Ұсақ моторикасы жеткіліксіз. Сөйлеуі баяу дамыған.	«Балапан» ересек тобы
3	Нұржанқызы Айғаным	Танымдық белсенділігі төмен, есте сақтау әлсіз. Кеңістікті бағдарлауда қиналады. Сөздік қоры шектеулі.	«Балапан» ересек тобы

4	Оралтаева Камила	Зейіні шашыраңқы, нұсқауды түсінуі баяу, тапсырманы қайталап түсіндіруді қажет етеді. Байланыстырып сөйлеуі төмен деңгейде.	«Балапан» ересек тобы
5	Қасымқан Бекнұр	Зейіні шашыраңқы, гиперактивтілік байқалады, тапсырманы жүйелі орындауда қиындықтар бар. Сөйлеу тілінде кемшіліктер кездеседі.	«Айгөлек» ересек тобы
6	Марат Әмір	Зейіні тұрақсыз, сенсорлық қабылдауы әлсіз, түстер мен пішіндерді ажырата алмайды. Жалпы және ұсақ моторикасы жеткіліксіз дамыған, Сөздік қоры аз.	«Құлпынай» ересек тобы
7	Қабдуллаев Ернар	Зейіні шашыраңқы, тапсырманы орындау барысында тез шаршайды. Нұсқаулықты толық қабылдамайды, кеңістікте бағдарлануы қиын. Ойын әрекеті арқылы байланысқа түседі, бірақ еркіті зейіні тұрақсыз.	«Құлпынай» ересек тобы
8	Маратова Аянат	Сөйлеу тілінің даму тежелген, дыбыстарды анық айтпайды, сөздік қоры аз, ұсақ моторикасы әлсіз дамыған, қарандаш пен қайшы ұстауда қиындықтар бар. Танымдық белсенділігі орташа.	«Балапан» ересек тобы

Тәрбиешілер топтағы балалардың мінез-құлқы, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысуы туралы ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі 5-ші мәселе бойынша ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері (кеңес беру, жеке жұмыс,) талқыланды.

Ұсыныс:

1. Балалардың сенсорлық, сөйлеу және моторлық дағдыларын дамытуға бағытталған ойындар көбінен қолданылсын.
2. Топта қолайлы психологиялық орта қалыптастырылсын.
3. Мамандар арасында өзара байланыс күшейтілсін.
4. Ата-аналарға үй жағдайында орындауға арналған тапсырмалар берілсін.

Шешім:

1. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар тізімі бекітілсін;
2. Әр балаға жеке түзету-дамыту бағдарламасы жасалып, бекітілсін.
3. Дефектолог, психолог апталық жоспары бойынша түзету жұмыстарын жүргізісін.
4. Балалармен жеке және топтық сабақтар ұйымдастырылсын.
5. Ата-аналарға тұрақты түрде кеңес беру жұмыстары жүргізілсін.
6. Балалардың даму динамикасы кезең сайын қайта қаралсын.